

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға ішкі конкурс туралы хабарландыру

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары:

D-3 санаты үшін: жоғары оқу орнынан кейінгі немесе жоғары білім; мынадай құзыреттердің бар болуы: күйзеліске төзімділік, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны ақпараттандыруға бағдарлану, адалдық, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару, шешім қабылдау, көшбасшылық;

жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-5, В-5, С-4, С-О-4, С-Р-2, D-4, D-О-4, D-Р-2, Е-3, Е-Р-2 санаттарынан төмен емес лауазымдарда бір жылдан кем емес;

2) жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдардың басшы лауазымдарында немесе әскери қызметтің басшы лауазымдарында немесе судья лауазымында бір жылдан кем емес;

3) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда үш жылдан кем емес.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің лауазымдық жалақылары

Санат	Функционалдық блок	Лауазым деңгейі	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты	
			min	max
D-3	A	5	354069	406714

«Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясы» ММ, 160012, Шымкент қаласы, Бейбітшілік көшесі, №3 үй, №303 бөлме. Анықтама үшін телефон: +7/7252-39-00-33, эл.почта: revkom.konkurs@mail.ru

1. Жоспарлау, талдау, есептілік және сапаны бақылау бөлімінің бас инспекторы, D-3 санаты, 1 бірлік:

Негізгі функционалдық міндеттері: Функционалдық блок А-5.

Тексеру комиссиясының перспективалық және жылдық жоспарларын жасау және олардың орындалуын мониторингілеу; тәуекелдерді басқару жүйесінің қолданылуын ескере отырып мемлекеттік аудит Тізбесін қалыптастыру; тәуекелдерді басқару жүйесін әдіснамалық және практикалық қолдануды қамтамасыз ету; Тексеру комиссиясының есептерін, ақпараттарын дайындау; бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша талдамалық материалдар әзірлеу; Мәслихатқа есепті қаржы жылындағы жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есепті дайындау; Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне Тексеру комиссиясы жұмысының қорытындысы туралы тоқсан сайынғы ақпаратты және жарты жылдық есепті дайындауға қатысу; мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі бірыңғай дерекқордың жұмысын қамтамасыз етуге қатысу; Тексеру комиссиясының интеграцияланған ақпараттық жүйесі мен интернет-ресурстарын толықтыру және өзектілендіруді жүзеге асыруға қатысу;

бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өзге де функционалдық міндеттерді жүзеге асыру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

1. Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, менеджмент, есеп және аудит, қаржы, жергілікті және мемлекеттік басқару, жобаларды басқару, маркетинг, статистика, әлемдік экономика) мамандықтары.

Ішкі конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар тапсырылады:

Ішкі конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс жариялаған мемлекеттік органға құжаттарын электронды түрде "Е-қызмет" интегралды ақпараттық жүйесі не "Е-gov" электронды Үкімет порталы арқылы не хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта мекенжайына құжаттарды қабылдау мерзімінде тапсырады.

Ішкі конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар тапсырылады:

1) өтініш;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 158 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24350 болып тіркелген) бекітілген, тиісті персоналды басқару қызметі құжаттарды тапсыру күніне дейін күнтізбелік 30 күн ішінде растаған мемлекеттік қызметшінің қызметтік тізімі.

Құжаттарды қабылдау мерзімі 3 жұмыс күні, **«Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясы» ММ-інің жұмыс уақыты 09:00-ден 19:00-ге дейін.** Құжаттарды қабылдау ішкі конкурс өткізу туралы соңғы хабарландыру жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар шақырылады.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлға әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей персоналды басқару қызметінде (кадр қызметінде) тіркеледі.

Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін немесе электрондық көшірмесін, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурсты өткізу Қағидалардың 26-тармағында көрсетілген ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың көшірмелерін немесе электрондық көшірмелерін ұсынады.

Тар шеңберде мамандырылған лауазымдарға конкурсты өткізген жағдайда конкурс комиссиясының отырысына сарапшылар шақырылады.

Тар шеңберде мамандырылған ретінде мемлекеттік орган қызметшілерінің 5 пайызынан аз қызметші не болған мамандық болып табылады.

Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда, соның ішінде ғылым саласында жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасының Парламент және мәслихат депутаттары қатыса алады.

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне, не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде конкурс комиссиясының шешіміне шағымдана алады.

Ішкі конкурсқа қатысатын және әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесу жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап үш жұмыс күн ішінде конкурс жариялаған мемлекеттік органдарда өтеді

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің сайты: www.qyzmet.gov.kz
Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясының сайты: <http://revkom-shymkent.kz/>

Б" корпусының мемлекеттік
әкімшілік лауазымына орналасуға
конкурс өткізу қағидаларының
2-қосымшасы
Нысан

(мемлекеттік орган)

Өтініш

Мені _____

бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасу конкурсына қатысуға жіберуіңізді
ісұраймын.

"Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс өткізу
Қағидаларының негізгі талаптары мен таныстым, олармен келісемін және орындауға
міндеттенемін.

Менің жеке мәліметтерімді, оның ішінде психоневрологиялық және наркологиялы
Ұйымдардан мәліметтерімді жинауға және өңдеуге келісімімді білдіремін.

Мемлекеттік қызметші өзінің жақынт уыстары (ата-аналары (ата-анасы), балалары,
асырапалушылары, асырапалынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-
інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері), жұбайы (зайыбы)
және (немесе) жекжаттары (жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-
анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары және балалары)
атқаратын лауазымға тікелей бағынысты болатын мемлекеттік лауазымды атқара
алмайды, сондай-ақ жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары
тікелей бағынысында бола алмайтыны туралы талаппен таныстым.

Мемлекеттік органның интернет-ресурсында менің әңгімелесуімнің бейнежазбасын
трансляциялауға және орналасуға келісім беремін _____

(иә/жоқ)

Ұсынылып отырған құжаттарымның дәйектілігіне жауап беремін.

Қоса берілген құжаттар:

Мекенжайы: _____

Байланыс телефондары: _____

e-mail: _____

ЖСН: _____

(қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

"__" _____ 20__ ж.